**Қамқоршылық кеңесінің отырысы**

**Хаттама № 1** 6.12.2024

Қарастырылатын сұрақтар:

1.Жаңа жылдық әкім шыршасына, жаңа жылдық Президент шыршасына қатысатын балаларды анықтау, ұсыну.

1-сұрақ бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Г.Бакирбекова жаңа жылдық әкім және президент шыршасының өткізілуі туралы, қатысушы балаларға қойылатын талаптар мен санаттарды таныстырып өтті. Сондай-ақ биылғы жылға осы шырша мерекесіне қатысуға азқамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың, сондай-ақ облыс, республикалық деңгейде түрлі байқаулар мен спорт сайыстарының жеңімпаздары жағдайын таныстырып өтті. 9-13 жас аралығында 12 бала, оның 7-і алдыңғы жылдары шырша мерекесіне қатысқаны, ал 2-і жас ерекшелігі сәйкес келмейтіні айтылып, әр оқушыға жеке мінездеме берілді, оқу үлгерімі, жетістіктері, отбасының тұрмыстық жағдайы, ата-аналарының жұмыспен қамтылуы туралы толық ақпарат берілді. Сөзді кеңес мүшесі Ахмекенова Арнаш алып, 5 «ә» сынып оқушысы Шалқар Нұрқанатты облыс әкімі шыршасына жіберуді ұсынды. Оның көп балалы отбасынан екендігін (7бала), анасының жұмыссыздығын, баланың жетістігін ескеруді айтып өтті. Қалған кеңес мүшелері де оны қолдады. Байманов Канатбек Каурулович 5 «ә» сынып оқушысы Авилхан Жасынды Президент шыршасына қатыстыруды ұсынды. Себебі ол көпбалалы отбасынан (6 бала), тоғызқұмалақтан бірнеше дүркін облыстық, республикалық сайыстардың жеңімпазы, спорт шебері атағының иегері, оқуда үздік екендігін ескеруді ұсынды. Сондай-ақ қаланың атын түрлі сайыстарда қорғап жүрген жас спортшы екендігін айтып өтті. Кеңес төрағасы Машгутов Е.М осы екі баланың кандидатурасын барлық қатысушылардың талқылауына ұсынды. Ұсыныс барлық кеңес мүшелерінің қолдауына ие болды. Барлық қатысқан 10 кеңес мүшесі қолдап дауыс берді.

Шешімі: облыс әкімі шыршасына 5 «ә»- сынып оқушысы Шалқан Нұрқанат, ал Президент шыршасына 5 «ә» сынып оқушысы Авилхан Жасынның қатысуын ұсынамыз. Оқушыларды дайындау және алып жүруді ұйымдастыру гимназия әкімшілігіне тапсырылсын.

Кеңес төрағасы: Машгутов Е.М

Кеңес мүшелері: Ибраева Б.Ш

Ермекова А.К

Ахмекенова А.С

Гүлбану Өзкей

Асылханова Б.А

Калиева А.А.

Тасбулатова К.С

Байманов К.К

Атаканов Д